

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл  
НҰРПЕЙІСОВ:  
"ҚАЗАҚТЫҢ  
ЧЕХОВЫ"  
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:  
"ЖАЗУШЫНЫҢ  
ЖҮРЕГІ"  
16-БЕТ

Рахымжан  
ОТАРБАЕВ:  
"БАС" романы  
72-БЕТ

Сүлеймен  
ШАТҒАН:  
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ  
НАЙЗАҒАЙ"  
12-БЕТ

**Рахымжан ОТАРБАЕВ:**

**«Сіздермен қанаттас өмір  
сүргеніме бақыттымын»**





**Жанарбек ӘШІМЖАН,**

*Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
республикалық «Ана тілі» газетінің Бас редакторы*

## **ҚОБЫЗ КЕУДЕЛІ, ШАЛҚИЗ ТЕКТІ...**

Қазақтың көрнекті қаламгері драматург Рахымжан Отарбаевтың жарық жалғанды тастап шыққанына да жыл толыпты-ау... Ол кісінің Атырау алқабында өткен ақтық сапарын көзімізбен көрсек те өңірін өксік бұған ұл-қызы мен жанарын жас жуған аяулы жарына сол бір қаралы күндерде айтылған сабыр-сөздерді құлағымызбен естісек те... «бұл дүниеде Рахаң жоқ» дегенге көңіл сенбейді. Сол үшін де «қаралы туыңыз жығылсын» дейтін сөз ауызға түспейді...

Рахымжан ағамызбен ең алғаш танысқан сонау бозбала кезеңнен бергі шақтардың бәрі үзік-үзік таспа секілді көз алдыдан сырғып өтуде...

Сәулелі сәттер көп...

Қашан көрсең жетім өкпесі желпілдеп желке шашы желкілдеп қазақтың қаракөз жастарын қолдауға ұмтылған екен.

Маңдайына жазылған Құдай Тағаланың құнды уақытын қазақ көркем сөзінің көші көлікті болуына күш салған күнге бет алған керуенбасы секілді кесек жан.

Ай-күннің аманында бірінің қолы бірінің жағасынан кетпей жүретін осы бір шығармашылық өлкесінде атақ-даңқы алыстарға кеткенмен «ала қойды бөле қырқып» «ауылдастың аты озса екен» деп жүретін «аурулар» аз емес. От ауызды Отарбаев оңдай індеттен ада болды. Ол Алты Алаштың баласын алалаған емес. Өзінің кіндік қаны тамған қасиетті Атыраудан бастап Алатау Арқа Қаратау киелі Сыр бойындағы кеудесінде қозы бар шоғыр жастардың бәрінің шоғын үрледі. Басынан сипады. Жолын ашты. Туннельдің ана басынан жылт етіп көрінген бір жарығын жарты әлемге алып шығып жария етті. Үміттендірді. Мұның бәрін қайсыбіреулер секілді бақай-есеппен емес ақжарылып бар жан-тәнімен шынайы істеді.

...Осы күндері жағы жығылуға бет алса да жастармен алысып жолын тосып бағын кесіп тасын өрге домалату былай тұрсын төбел шашын желкілдетіп кеңсе-кеңсенің есігін тоқылдатып осыған болмаса екен» деп үстіңе тас бастырып кетуге даяр жүрген аяр мен көркеудені екі жастың біріне келмесек те екі күннің біріңде көзіміз көріп жүр... Рахаң тым болмаса осыған зияным тиіп кетпесе екен дегендердің қатарын арттырған санаулылардың бірі әрі бірегейі еді...

Тәуелсіздік дәуірінің елең-алаңы басылып әлгі бір оңтайландыруда аузына қара құлып салынған кітапханалардың есігі қайта ашылған шақта жастардың кітапқа жазуға деген іңкәр сезімін қайта оятқан осы Рахымжан Отарбаев сынды арлы қаламгерлер. Және әдебиетке деген көзқарасты және қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге бар күш-жігерін салған ондай қаламгер өте аз сол аздың бірі егіздің сыңары.

Шығармаларын шетінен тізбелеп талдап, таразылап жататын емес Рахымжан Отарбаев ағамыз соңғы 15-20 жылда түрлі жанрларда өте жанкешті еңбек еткен жазушы екенін қолына қалам ұстаған екінің бірі біледі. Шығармашылық жоспарын өте сапалы құрды және соны сәтімен жүзеге асыра білді. Проза, драматургия, аударма сынды ірі жанрларға жаңа тыныс берген Отарбаевтың шығармашылық отарбасы республика көлемінде ғана емес халықаралық деңгейде бармаған бекеті аз. Өз шығармаларына өзі әдеби агент болған аяулы Аға алып елдермен жоғары деңгейде байланыс орнатты. Нәтижесінде сол елдерге қазақтың сөзі жетті. Сапалы аудармашылармен жасаған келісімдерінің нәтижесінде ғажайып шығармалары оңдаған шетел тілдерінде жарық көрді. Содан кейін театр дейтін әлемде жаңа тынысы ашылды. Еліміздегі орталық және



аймақтық театр сахналарында драматург Рахымжан Отарбаевтың пьесалары қойылмаған сахна кемде кем. Оның айқын дәлелі - Атырау төрінде дүбірі дүниеге жетіп дүрілдеп өткен «Отарбаевтың театр фестивалі».

Мұның сыртында тікелей Рахаңның идеясымен жарық көрген «Ақ Жайық» әдеби журналы көркем шығарманың насихатын арттырып қаншама жастардың бағын жандырды. Көркемдігі де баспаханалық сапасы да жоғары деңгейде жүзеге асқан сол журнал әсіресе қолына қалам ұстаған жас ақын-жазушылардың мінбесі еді.

«Қызыл тілі көмейін күйдірген», «қара сөзді қойша жусатқан» сұрапыл Рахаң шешен Рахаң қара қылды қақ жарып қара суды қақ бөліп қоғамның сөзін сөйлер сәтте де бұғып қалған жері жоқ. Ақты - ақ қараны - қара жасықты - жасық дараны - дара деді. Ол көтерілген сахнаға айрықша аруақ бітіп ол ұстаған микрофон оттан көйлек киетіні несі екен. Мұның құпиясы құмсағаттай құбылып бізден Отарбаев бейнесін алыстатып бара жатқан уақыт пен кеңістіктің еншісінде...

Өзі қандай нәзік болса жүрегі аттың басындай алып. Кемел шағына келіп көштің бастар шақта осындай Тұлғалардан көз жазып қалу - қазақ халқының қашаннан бергі қасіреті...

Қарт Каспий мен Алатау қатар толғатып осындай тұлғаны енді қашан туатыны Тәңірге ғана аян...

Рахымжан Отарбаев дейтін қобыз кеулелі домбыра болмысты. Шалкиізтекті ірі тұлғаның тірі тұрпаты арамыздан ұзап кеткеніне көз де көңіл де сенер емес... Күні ертең «мен әуежайдамын інім...» деп телефон шалатындай жүрек елегізі береді. Қалта телефондағы қос нөмірі де сақтаулы (8-702-317-56-56, 8-775- 535-47-05) ендеше неге үнсіз?



*Павлодар облыстық Ж.Аймауытов атындағы қазақ драма театрының директорымен 2014 жыл*

